



Ұлан айнасы



ulanainasy

Газет 1932 жылдың 20 қарашасынан бастап шығады



Ұлан айнасы

№ 13(8487), 27 НАУРЫЗ 2026 ЖЫЛ, ЖҰМА

e-mail: elmira@mail.ru

№13 (8487), 27 МАРТА 2026 ГОДА, ПЯТНИЦА

Президент

Президент XIV Қысқы Паралимпиада ойындарының чемпионы Ербол Хамитовты марапаттады

Ақордада XIV Қысқы Паралимпиада ойындарының чемпионы Ербол Хамитов пен оның бапкерлерін марапаттау рәсімі өтті, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Италияда өткен әлемдік дода еліміз үшін өте табысты болғанына тоқталды. Жаһандық бәсекеде отандасымыз Ербол Хамитов алтын және қола медаль жеңіп алды.

— Нағыз чемпион атанып, еліміздің мерейін үстем етті, көк Туымызды биікте желбіретті. Бұл — қазақ параспорты үшін тарихи жетістік. Ербол қазақтың қайсар, өр рухты әрі намысты ұлт екенін күллі әлемге паш етті. Сондықтан, ең алдымен, саған және бапкерлерге шынайы ризашылығымды білдіремін. Паралимпиада ойындарына аттанар сәтте мен еліміздің көк Туын саған табыстадым. Сол артылған сенімді толық ақтап, Қазақстанға



жеңіспен оралдың. Керемет нәтижеге жеттің! Соның арқасында еліміз командалық есепте 18-ші орынға табан тіреді. Үздіктердің ішінен алға шығып, чемпион болу оңай емес. Бұл — жылдар бойғы тынымсыз дайындық пен қажырлы әрі табанды еңбектің жемісі екені анық, — деді Президент.



Мемлекет басшысы Ресейдің Үкімет басшысы Михаил Мишустинді қабылдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге жұмыс сапарымен келген Ресей Федерациясы Үкіметінің Төрағасы Михаил Мишустинмен кездесті. Бұл туралы Ақорда хабарлады.

Кездесуде Қазақстан мен Ресей арасындағы стратегиялық серіктестіктің және одақтастық қарым-қатынастың нығайып келе жатқаны атап өтілді. Сондай-ақ өзара тиімді диалог пен жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру қарқын алғанына назар аударылды. Мемлекет басшысының айтуынша, Михаил Мишустиннің Шымкент қаласында өтетін Еуразиялық үкіметаралық кеңес отырысына және Цифрлық форумға қатысуы Қазақстан-Ресей байланыстарының айрықша сипатын және оны одан әрі өрістетуге

қос тараптың ұмтылысын тағы да растайды. – Екіжақты экономикалық ынтымақтастықтың қалай дамып келе жатқаны өзіңізге мәлім. Қазірдің өзінде құны 25 миллиард долларға жуық 122 ірі жоба іске асырылды. Сауда көлемі 30 миллиард долларға жақындады. Бұл жақсы нәтиже деуге болады. Ресей біздің негізгі сауда-экономикалық, инвестициялық серіктесіміз саналады. Бұған әрине, қуаныштымыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Әңгімелесу барысында Ресей Федерациясының Президенті Владимир Владимирович Путиннің

Қазақстанға жасайтын мемлекеттік сапарына дайындық мәселелеріне баса мән берілді. Мемлекет басшысы Астана алдағы сапарды екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастарды одан әрі дамытуға тың серпін беретін өте маңызды шара ретінде қарастыратынын жеткізді. Президенттің айтуынша, әзірлік жұмыстары аясында сан қырлы ынтымақтастық тағы да пысықталды.

kaz.inform.

БАСПАСӨЗ - 2026

Аудандық «Ұлан айнасы» қоғамдық - саяси апталық газетіне 2026 жылға жазылу басталды. Біздің басылым бұрынғыдай аптасына бір рет, яғни жұма күні шығады.

Құрметті оқырмандар сүйікті газеттеріңізге пошта арқылы жазылуға болады.

Индекс	1 айы/месяц		3 айы/месяца		6 айы/месяцев		12 айы/месяцев	
	ауыл	село	ауыл	село	ауыл	село	ауыл	село
19120 (инд)	615 т		1845 т		3690		7380	
19121 (вед)	635 т		1905 т		3810		7574	



93 жыл тарихы бар «Ұлан айнасы» газетімен бірге болып ауданымыздың тыныс - тіршілігінен тыс қалмаңыз!